



Жетісай ауданында бөлшек салықтың арнаулы салық режимін қолдану кезінде салық мөлшерлемесінің мөлшерін төмендету туралы

Түркістан облысы Жетісай аудандық мәслихатының 2024 жылғы 28 наурыздағы № 14-83-VIII шешімі. Түркістан облысының Әділет департаментінде 2024 жылғы 28 наурызда № 6500-13 болып тіркелді

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Осы шешім 01.01.2024 бастап қолданысқа енгізіледі.

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 696-3-бабының 5-тармағына сәйкес Жетісай ауданының мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Жетісай ауданында бөлшек салықтың арнаулы салық режимін қолдану кезінде төлем көзінен ұсталатын салықтарды қоспағанда, корпоративтік немесе жеке табыс салығының мөлшерлемесі салық кезеңінде алынған (алынуға жататын) кірістер бойынша 4% - дан 2% - ға төмендетілісін.

2. Осы шешім 2024 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі.

Аудандық мәслихаттың төрағасы

М. Касимов